




Нуринская ЦБС

Сектор развития библиотек



Дауыппаз ақын

2012 год.

Содержание:

1. **«Сыйса егер өмір сыры бір жаныңа - Я рожден, чтобы жить, чтобы петь»**
Әдеби - музыкалық кеш
2. **От жүректі ақын . Викторина**

«Сыйса егер өмір сыры бір жаныңа – Я рожден, чтобы жить, чтобы петь»

Әдеби - музыкалық кеш

Поэзия кеші өтетін залда Қасым Аманжоловтың портреті қойылады (100 жыл деген жазумен әшекейленген), кітап көрмесі, ақын туралы қанатты сөздер, музыкалық орталық, түрлі-түсті шарлармен, гүлдермен безендіріледі.

Қонақтар: оқырмандар шақырылады.

Кеші екі тілде жүргізіледі. Қасым Аманжоловтың сөзіне жазылған өндерді МҮ қызметкерлері орындайды. Викторина ойнатылып, экран арқылы көріністер көрсетіледі.

Залда ақынның өзі жазған «Өзім туралы» әні орындалып тұрады.

Алғы сөз

Қайырлы күн құрметті қонақтар!

Добрый день дорогие гости!

Бүгінгі ұсынылып отырған әдеби музыкалық кеші: Ақындығымен, Азаматтығымен, қайсарлығымен талайды тәнті еткен ақын - Қасым Аманжоловтың 100 жыл толу мерейтойына арналады.

Қасым Аманжолов - соғыстан кейінгі қазақ әдебиетінің дамуына айтарлықтай үлес қосқан ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті қайраткерлерінің бірі. Ақын, журналист, драматург, сазгер және аудармашы.

Қасым Аманжоловтың шығармашылық жолы қысқа болды, бірақ өзі ұзақ өмір сүрмесе де, өзегін жарып шыққан өлеңдеріне ұзақ өмір сыйлады.

В этом году исполняется 100 лет со дня рождения известного казахского поэта Касыма Аманжолова, прожившего короткую, но яркую жизнь, пропевшего ее как песню. Касым Аманжолов был прекрасным поэтом, человеком активной гражданской позиции. Его поэзия подкупает лиризмом, искренностью, высоким душевным накалом, патриотизмом

Өкінбен мен де бір күн өлемін деп.

Өкінем ұқсата алмай келемін деп.

Күніне жүз ойланып, мың толғанам.

Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.. - ақын өзі жырлағандай
«Сыйса егер өмір сыры бір жаныңа - Я рожден, чтобы жить, чтобы петь»
атты поэзия кешін ашуға рұқсат етіңіздер!

Ақынның «Өзім туралы» әні:

1- Жүргізуші: Қазақтың ұлы ақындарының бірі - Қасым Аманжолов

шығармаларын дәл бүгінгі егемен ел мүддесі тұрғысынан қайта оқысаң, оның сол тәуелсіздікті аңсап өткен арманын, заманынан оза шапқан қиялының биіктігі мен көрегендігін айқын көресің. Ақынның әр сөзі тәуелсіздіктің жырындай естіледі.

Оқырман: «Елу жаста елім бар» деп айта алмай,

Кетпес естен күйінгенің, мұңлы Абай,

«Елім бар» деп айтатұғын туды күн,

«Елім бар» деп шырқатайын мен бүгін

Қойсын енді Қорқыт бабам сарнамай.

Асан ата, желмаяңа бер тыным,

Сен таппасаң, бізден-таптық жер тыңын.

«Гүлжазира», «Жерұйықтан» кем бе екен,

Мынау дала - біздер өскен кем бе екен

Қазыналы ел «Қазақстан» дейтұғын.

...Кең далалы. кең пейілді қазақпыз,

Құл емеспіз, еркін жанбыз, азатпыз.

Қас дұшпанның қиқаңына көнбейміз,

Ел намысын кескілеспей бермейміз,
Сертін осы - азат жігіт, азат қыз!
«Қазақстан» дейтін менін бар елім.
Жатыр алып жарты дүние әлемін.
Бұл далада атам қолға ту алған,
Бұл даланы анам жаспен суарған.
Бұл далаға жылап келіп уанғам,
Бұл даланы көріп алғаш қуанғам.
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

Қасым Аманжолов қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Қызыл деген жерде 1911 жылы дүниеге келеді. Майданнан өлеңмен жазған "Ағайыма" деген хатындағы: "Қыс. Қыстау. Атамекен Қызылдағы" дегендегі Қызыл — сол туған жері. Әкесі де сонда қайтыс болады. Жас болса да Қасым соның бәрін есінде жақсы сақтап қалған. Әке-шешеден жастай жетім қалған ол біраз жыл ағасының қолында өседі. Алғашында жаңадан ашылған ауыл мектебінде оқып, сауатын ашады. Кейін, 1924 жылы, ағасы Қасымды Семей қаласындағы интернатқа орналастырады. Қасым онда 1927 жылға дейін тәрбиеленеді. Одан әрі қарай үш жыл Семей мал дәрігерлік техникумында оқиды. Алғашқы өлеңдерін де осы кезде жазады. 1930 жылы Алматыға келіп, біраз уақыт "Лениншіл жас" газетінде істейді. 1932 жылы Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына түсіп оқиды. Бірақ, денсаулығына байланысты және түскен оқуын да онша ұната қоймағандықтан, бірер жылдан кейін елге оралады

2- Жүргізуші: Касым Аманжолов родился 10 октября 1911 года в зимовке Жакыбала у подножия Кызылских гор (ныне – крестьянское хозяйство имени Касыма Аманжолова) Каркаралинско района Карагандинской области. В короткую биографию К. Аманжолова вошли тяжелые события, пережитые страной и народом. Очень рано потеряв родителей, он воспитывался в интернате, где получил начальное образование. С 1927 по 1930 год учился в Семипалатинском ветеринарном техникуме, Уральском педагогическом институте, Ленинградском институте лесного хозяйства.

С 1930 году Касым переезжает в Алма-Ату, где работает в редакциях газет «Лениншіл жас», а затем «Кызыл аскер». На страницах этих газет стихи Касыма Аманжолова находят своих читателей, полюбивших искреннюю и душевную лирику поэта.

С начала Великой Отечественной войны по 1946 год Касым в рядах Советской Армии. После демобилизации некоторое время заведует отделом поэзии журнала «Әдебиет және искусство».

Первые стихи К. Аманжолов опубликовал еще двадцатилетним юношей. В 1938 году была издана его первая книга – сборник стихов «Исповедь жизни», куда вошли стихи и переводы уральского периода жизни творчества поэта

Стихи: Родина

1- Жүргізуші: Түссем де отқа, суға тозар емен,

Солдаттың етігіндей жаным сірә, - демекші, ақын таланты ұлы Отан соғысы майданында толысты. Ол қазақ әдебиетіндегі әскери лириканы туғызып, қалыптастырып, жетілдіру жолында үлкен мектептен өтті. Соғыс кезіндегі ұранға, шақыруға, мадақтауға құрылған көп жырларға қарама-қарсы Қасым Аманжолов майдан өмірінің өткір де қатыгез шындығын өз өлеңдеріне арқау етті. Оның өлеңдерінің лирикалық кейіпкері - қан кешіп, қыршын жастарды асап жатқан соғыс-аждаһаның аузында жүрген солдат. Солдат жүрегіндегі әр діріл Қасым қаламынан жеңіс туралы шежіреге айналды.

Оқырман:Күтудеміз! Асығып эшелондай

Өтіп жатыр зулап күн, шұбалып ай.
Күтудеміз тыпыршып, мың құбылып,
Қазір, қазір бар тілек болатындай.
Күтудеміз тұрсақ та әзілдесіп,
Арпалысып жүрсек те қан-сел кешіп.
Күтудеміз сонау сұр окоптарда
Өліп бара жатсақ та талып ешіп.
Тұтылған күн дәл қазір шығатындай.
Талып жатқан досың ес жиятындай,
Ауыр азап үстінде қиналған жан
Рахат тауып, талықсып тынатындай...
Мейлі күтіп, шыдамай темір сынсын,
Мейлі көлдер суалсын, тас үгілсін,
Қасарысып біз күттік! Шыда, жүрек,
Бұл ақырғы ең ауыр болсын бір сын.

Жүргізуші: Годы Великой Отечественной войны, участником которой был поэт, и послевоенный период мирного строительства способствовали подъему поэзии Касыма Аманжолова на новые вершины.

Об этом говорят посвящение стихов Касыма-подполковнику Альпину, рядовому Сарбаю Мауленову, Герою Советского Союза, карагандинскому шахтеру Мартбеку Мамраеву.

В годы войны помимо многочисленных патриотических стихов К. Аманжолов создает поэму «Смерть поэта», воскрешающую светлый образ погибшего на фронте молодого казахского поэта Абдуллы Жумагалиева.

На фронте Касым Аманжолов создавал произведения, полные оптимизма, боевого духа и светлого лиризма.

Стихи: Май на фронте:

Жүргізуші: Соғыстан соңғы Қасым Аманжоловтың өмірі тым ұзақ бола алмады. Соның өзінде ақын қатарынан қалмай, бейбіт еңбекті жырлауға атсалысты. Оның бұл тақырыптағы өлеңдері заманды, еңбекті жалаң мадақтау емес, әдемі көріністер мен адамның рухани биіктігін суреттеуге арналады. Бұл тұрғыда ақынның «Ауыл сырты маржан көл», «Ай астында алтын тау», «Күн көтерген қарындас», т.б. өлеңдері аса бағалы.

Қасым Аманжолов - ерліктің, тәуекелдің ақыны еді. Оның қайсар мінезі, ақындық өктем күші, өлеңдерінің биік пафосы адам рухының жоғарылығын паш етеді. «Нар тәуекел» атты өлеңін сол ақын өмірінің кредосы десе де болады.

Оқырман:

*Нар тәуекел құлаш ұрдым қиынға,
Қайрат шіркін, алып шықса қиын ба?
Бұл сапарда сүрініп те қалармын,
Сонда, достым, мені айыпқа бұйырма.*

*Жығылам деп жүре алмаймын жай басып,
Жүгіремін киіп жарып, айқасып.
Мүлгі берсін, ілби берсін қорқақтар
Жалт-жұлт қарап жан-жағына, жай басып.*

*Жығылсам да жүгірумен өтермін,
Аяңшылдың ақылын мен не етермін.
Алқынармын, жүгіремін, шаршармын -
Барар жерге бұрынырақ жетермін.*

1-Жүргізуші: Стихи Аманжолова послевоенных лет актуальны, оперативны, полностью посвящены труду и жизни современников, их борьбе за мир. Наряду с этим он пишет нежные, увлекательные стихи для детей. В эти же, послевоенные, годы он создает произведения больших мыслей и чувств, воспевающие успехи величие могучего народа. При решении этой сложной задачи поэт использует, все средства поэзии — от задушевной лирики до гражданских, трибунных интонаций. Именно такой сплав помог Аманжолову создать произведения большого эмоционального накала.

Поэтическому восприятию мира помогла и музыка, ведь Касым играл на нескольких инструментах: Домбыра, мандолина, скрипка и т.д, сочинял

оригинальные мелодии (его песни «Дарига» и «Страна родная» до сих пор любимы в народе)

Песни: «Дарига», «Страна родная»

2-Жүргізуші: Қасым Аманжоловтың ақындық жолында көп тер төккеніне, көп іздегеніне – оның аудармалары куә. Ақынның поэзия айдынында балықтай жүзіп, өлеңде өзін еркін сезінуі әлемдік әдебиетті керемет білгендігінің арқасы. Ақын поэзиясын тереңірек зерделеген оқырман оның жырларынан шығыстың өлең үлгілерін де, батыс мәдениетінің ою-өрнектерін де байқай алады.

Сен болсаң нулы жердің қызыл гүлі,
Болар ем сахараның мен бұлбұлы.
Қонақта гүл жанында рахат тауып,
Гүл құшып, сайрар едім күні-түні.
Сен болсаң жапандағы жалғыз терек,
Кез болсам келе жатып мен тентіреп.
Жолаушы жатқа жүрген жатар едім,
Жапанда жапырағынды көлеңкелеп.

Шамасы Низамидің «Ләйлі Мәжнүн» поэзиясын аударуының ықпалы болса керек, бұл өлеңінен шығыс әдебиетінің әсері байқалады.

Ақынның Еуропа ақындарын қазақ тіліне асқан шеберлікпен аударуының басты сыры да оның ақындық талантында жатыр. Қасым Аманжоловтың аудармасында А.С.Пушкиннің лирикалық жырлары, Т.Г.Шевченконың өлеңдері, А.В.Твардовскийдің «Василий Теркин» поэмасы ақынның төл туындысындай болып кеткен. **1941** жылдың сәуір айында оның аудармасында В.В.Маяковскийдің «Бар дауыспен» атты өлең жинағы жарық көрді. Ақын сонымен қатар Низамидің, Шота Руставелидің өлеңдерін аударған.

2-Жүргізуші: Литературное наследие К. Аманжолова довольно велико. К. Аманжолов писал также драмы, рассказы и очерки, литературно-критические статьи. Он был богато одаренным человеком, тонко чувствовавшим поэзию. Плодотворно работал поэт и в области перевода. Глубоко понимая оригинал, умея передать его своеобразие, К. Аманжолов вместе с тем верен внутренним законам казахского языка. Им переведены «Маскарад» М. Лермонтова, «Полтава» А.С. Пушкина, «Саша» Н. Некрасова, «Во весь голос» В. Маяковского, «Василий Теркин» А. Твардовского, из прозаических произведений известен его перевод «Письма к Н.В.Гоголю» Н. Белинского; переводил он и отдельные их стихотворения, а также произведения Т. Шевченко, Низами, Д. Байрона и др. Значительная часть переводов Касыма Аманжолова может считаться образцами переводческого искусства в казахской литературе. Его переводили на русский язык Д. Снегин, М. Балыкин, И.Сельвинский, Борис Слуцкий и др.

Стих: Домбра.

Жүргізуші: Арнайы музыкалық білім алмағанымен, Қасым Аманжолов суырып салма дарынына ие сазгер болған, ол домбырамен сүйемелдей отырып, тамаша әндер жазған. Олардың кейбіреулері сақталмаған, бірақ «Дарига», «Туған ел» секілді әндері халық арасында танымал, қазақтың музыка мәдениетінің алтын қорына енгізілген. «Туған жері» бүгін әнге қосылып айтылып жүр. Қасым Аманжолов 1911 жылы 10 қазанда Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында

туған. Туған жерге деген құштарлық, балалық сезім мұнда аса ыстық сезіммен шынайы бейнеленеді. Сонымен қатар бірсыпыра музыкалық аспаптарда еркін ойнаған: Домбыра, мандолина, скрипка т.б.

Өлең.

Жүргізуші: Қасым Аманжолов драматург ретінде де белгілі. Ол

бірнеше пьесаның авторы, олардың ішінде неғұрлым белгілісі - «Аңқау Жүсіп» және «Досымның үйленуі». Аталған пьесалар Қазақстанның облыстық драма театрларының сахнасында қойылып келеді.

Ақынның үлкен жаңалығы - қалыптасқан қағидаларды жеңу, ол қазақ поэзиясына он буындық өлең жолын енгізді. Қасым Аманжоловтың өлеңдері мен поэмалары қазақ әдебиеті бойынша мектеп оқулықтарына енгізілген.

Жүргізуші: Қасым Аманжолов хорошо известен как драматург. Он автор нескольких пьес: «Найвный Жусуп», «Женитьба друга».

Ему принадлежат сборники стихов «Исповед жизни», «Буря», «Прекрасное дитя», «Светлый мир» и другие, в которые вошли его стихи и поэмы о молодых, о Родине, о назначении человека, о трудных дорогах войны, по которым он шел.

Таков смысл и характер обширного наследия одного из лучших поэтов казахского народа.

Мухтар Ауэзов говорил: «Қасым Аманжолов – удивительный поэт! Стихи, созданные им, любите, внимательно читайте».

За стихами Қасыма Аманжолова встает вольнолюбивый гордый человек, из тех людей, для которых главное – делать людям добро.

В январе 1955 г. Қасым Аманжолов умер. Но костер, разожженный им в сердцах почитателей его неповторимой поэзии, никогда не погаснет:

Жүргізуші: Қасым Аманжолов дүниеден ерте озды. Пешенесіне бұйырған азғантай ғана ғұмырының ішінде қазақ әдебиетінің кемелденуі үшін оның сіңірген көл-көсір еңбегін айтып жеткізу қиын. Ол дауылды дәуірде туса да, қан майданда жүрсе де қазақтың рухы үшін күресіп, қазақтың рухы үшін арпалысып өз жүрегінің жалынына өртеніп өлді.

Ей, тәкәппар дүние!

Маған да

бір қарашы,

Танисың ба сен мені?

Мен қазақтың баласы! - деп айдай әлемге жар салған ақынның айтқанынан да айтары мол еді.

Қасым Аманжолов - поэзия сүйгіш қазақтың досы, рухани демеушісі. Әр үйде Қасым ақынның кітабы болсын, әр қазақ баласы ақынның өлеңін оқып өссін. Қасымды оқысаң, ойың жетіледі, кем-кетігің толады, тіл үйренесің. Ақын Қасым - қазақ баласы үшін зор мектеп.

Қазір сіздерге жуырда Қасым Аманжоловтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Күніне жүз ойланып, мың толған

Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп» дауыстап оқушылардың облыстық байқауына қатысқан № 3-ші орта мектебінің «География» пәнінің мұғалімі Саят Балғабайұлы осы байқауда оқыған ақынның «Дүниеге жар» атты өлеңін оқып береді.

Өлең: «Дүниеге жар»

Сізді осы байқауға қатысқаныңыз үшін орталық кітапхана атынан «Алғыс хат» пен марапаттап, аздаған сыйлық тапсыруға рұқсат етіңіз. Келешекте үлкен белестерге жете беріңіз!

Осымен «Сыйса егер өмір сыры бір жаныңа - Я рожден, чтобы жить, чтобы петь» атты әдеби музыкалық кешімізді аяқтаймыз. Көріскенше сау-саламат болыңыздар!

От жүректі ақын

Викторина

Сұрақ: Қасымның туған жерін ата? Где родился Касым Аманжолов?

Жауабы: Қызыл тауының баурайында Жақыбала қыстауында туған.

Ответ: В зимовке Жакыбала у подножие Кызылских гор

Сұрақ: Қасым Аманжоловтың тұңғыш жарық көрген жинағы қай жылы шыққан, қалай аталады?

Вопрос: В каком году вышел первый сборник стихов Касыма Аманжолова и как она называлась?

Жауабы: 1938 жылы тұңғыш өлеңдер жинағы "Өмір сыры" деген атпен жарық көрді.

Ответ: Первый сборник стихов К.Аманжолова вышел 1938 году под названием «Исповедь жизни».

Сұрақ: 1941 жылдың сәуір айында шыққан, В. Маяковскийден аударған өлеңдер жинағын атаңыз?

Вопрос: Как назывался сборник стихов с перевода Маяковского вышедши в апреле 1941 года

Жауабы: «Бар дауыспен» атты өлең жинағы жарық көрді.

Ответ: «Во весь голос»

Сұрақ: Қазіргі Қасым Аманжолов атындағы ауылдың бұрынғы атауын ата?

Вопрос: Как назывался раньше ауыл Касыма Аманжолова?

Ответ: Фрунзе

Сұрақ: Ол бірнеше пьесаның авторы, олардың ішінде неғұрлым белгілісі қандай?

Вопрос: Он автор нескольких пьес. Какие из них самые известные?

Жауабы: «Аңқау Жүсіп» және «Досымның үйленуі».

Ответ: «Найвный Жусуп» и «Женитьба друга»

Сұрақ: Қасым кімдердің драма, поэмаларын аударды?

Вопрос: Чий драмы и поэмы переводил Касым?

Жауабы: М.Лермонтовтың "Маскарад" драмасын, А.Твардовскийдің әйгілі "Василий Теркин" атты ұзақ та күрделі поэмасын,

Т. Шевченко өлеңдерін, Низамидің "Ләйлі мен Мәжнүнін",

А. Пушкиннің "Полтавасын" т.б.

Ответ: Им переведены на казахский язык стихи Т.Шевченко, письма из поэмы Низами «Лейли и Меджнун», драма «Маскарад» Лермонтова, поэмы «Полтава» Пушкина, «Во весь голос» Маяковского, «Василий Теркин» Твардовского и другие

Сұрақ: Қасымның өлеңдері орыс тілінде жеке кітап болып қандай атпен және қай жылы жарық көрді?

Вопрос: В каком году была издана отдельная книга стихов Касыма на русском языке и как она называлась?

Жауабы: Қасымның өлеңдері "Гроза" деген атпен 1946 жылы, "Стихи" деген атпен 1949 жылы орыс тілінде жеке кітап болып басылды.

Ответ: 1946 году под названием «Гроза», 1949 году под названием «Стихи» была издана отдельная книга стихов К.Аманжолова.

Сұрақ: 1943 жылы патриотизмді мадақтайтын – жоғары идеялы шығармаларды ата? (сол замандағы)

Вопрос: Назовите высокоидейное произведения воспевшие патриотизма в 1943 году

Жауабы:

«Өтіп бара жатырмын» (1943), «Ертіс» (1943), «Қаңқұйлы жау» (1943) сияқты өлеңдері патриотизмді мадақтайтын - жоғары идеялы шығармалар

Ответ:

Высокоидейное произведения: Сары-Арка» (1943), «Ертыш» (1943), «Кровожадный враг» (1943).

Сұрақ: Ақынның өлеңдерін қазақшадан орыс тіліне кімдер аударды?

Вопрос: Кто переводил стихи поэта на казахский язык ?

Ответ: Дмитрий Снегин, Борис Слуцкий, Илья Сельвинский және басқалары аударған болатын.

Сұрақ: Қай жылы, қай жерде орнатылған ескерткіш?

Вопрос: Где и когда установлен этот памятник?

Жауабы: 1991ж. 5 шілдеде Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қасым Аманжолов атындағы ауылда орнатылған

Ответ: В 1991 году 5 июля в ауле Касыма Аманжолова Каркаралинского района Карагандинской области

Сұрақ: Бірсыпыра музыкалық аспаптарда еркін ойнаған, оларды ата?

Вопрос: Поэт играл в нескольких музыкальных инструментах. Назовите их?

Ответ: Домбыра, мандолина, скрипка т.б.

Сұрақ: Қасым Аманжолов қандай газет редакцияларында қызмет атқарған?

Вопрос: Назовите редакций где он работал?

Жауабы: Алматыда "Лениншіл жас" газетінде және Орал қаласында

"Екпінді құрылыс" газетіне қызмет атқарды.

Ответ: Работал в редакции «Лениншил жас», "Екпінді құрылыс"

